# НҰРА

№40 (5226) сенбі
1 қазан 2011 жыл

*Газет 1963 жылдан бастап шығады Аудандық қоғамдық саяси газеті*


КАЗАХСТАН тәуелсіздігіне 20 жыл

## ПРАВИТЕЛЬСТВО

**Социально-экономическое развитие Казахстана в 2007-2011 годах характеризуется устойчивостью и продуктивностью**

«За процветание Казахстана и благополучие казахстанцев: как мы улучшим жизнь каждого гражданина страны» - с таким содержанием Народной платформы партия «Нур Отан» победила на парламентских выборах 2007 года. Этот документ определил основные векторы работы Правительства на пятилетний период.

- Казахстан одним из первых испытал на себе негативное влияние кризисных тенденций и одним из немногих предпринял, опережающие адекватные, поэтому и результативные антикризисные шаги. Мощная энергия нашего Лидера, его уникальное стратегическое предвидение, наша общая слаженная работа в центре и в регионах не допустили экономического коллапса, сохранили социальное спокойствие, - заявил Глава Правительства, выступая перед народными избранниками.

**Экономический рост**

За период 2007-2010 годов обеспечен положительный рост ВВП РК:
ВВП в 2007 году – около 13 млрд. тенге, или 104,9 млн.долл.

Только с 2007 года по 1 квартал 2011 года валовой объем прямых иностранных инвестиций превысил 80,5 млрд. долл. США.

В июле 2011 года среднедушевой денежный доход составил 45 901 тенге и по сравнению с январем 2007 года увеличился в 2 раза (22649 тенге)

**Социальный прорыв**

Понижен уровень безработицы:С 7,3% в 2007 году до 5,4 % во втором квартале 2011 года. За этот период в стране создано более 1 млн. 170 тыс. новых рабочих мест

**Доходы казахстанцев:**

Доля населения с доходами ниже прожиточного минимума сократилась вдвое: с 12,7% в 2007 году до 6,5% в 2010 году. Вклады населения в банках второго уровня в июле 2011 года превысили 2,5 трлн. тенге, увеличившись на 1,5 трлн. тенге в сравнении с январем 2007 года

**Размеры пенсии и пособий:**

Средний размер пенсий вырос в 2,6 раза в сравнении с 2007 годом. Размеры специальных государственных пособий повышены в 1,4 раза по сравнению с 2007 годом.

**Медицинское обслуживание и здоровье казахстанцев:**

Расходы государственного бюджета на финансирование здравоохранения выросли более чем в 2 раза. Завершено строительство 145 объектов здравоохранения.

В первом полугодии 2011 года материнская смертность снизилась на 63% в сравнении с 2007 годом. Произошло снижение младенческой смертности на 26%. На два года увеличена продолжительность жизни населения

**Качество образования:**

В 2 раза увеличились расходы на финансирование образования. В 2007 году – 480,7 млрд. тенге, то в 2011 году превысят 898 млрд. тенге. Сеть дошкольных организаций увеличилась на 4000 объектов. Планомерно повышалась оплата труда педагогических работников. Их должностные оклады увеличились на 25% в 2009 и 2011 годах и еще на 30% - в 2011 году

**Малый и средний бизнес:**

Количество активных субъектов малого предпринимательства по сравнению с 2007 годом увеличилось на 4,1 %. (кол-во активных субъектов МСП в 2007 году -640 900 единиц). Доля малого и среднего предпринимательства в ВВП страны в 2010 году превысила 30%

Безусловно, ключевая цель деятельности всего Правительства – повышение благосостояния населения, увеличение его доходов и улучшение самочувствия. Теперь предстоит сконцентрироваться на решении конкретных задач и придать динамизм работе, которая будет направлена на успешное развитие страны и благополучие каждого ее жителя.

**"Мы готовы противостоять новым вызовам и на собственном опыте знаем, насколько успешен решительный коллективный прорыв. Мы умеем преодолевать трудности и решим те задачи, которые ставит перед нами Елбасы во благо процветания Казахстана и казахстанцев"**, - заявил Глава Правительства, выступая перед народными избранниками.

## ПОКАЗАТЕЛЬ ПАТРИОТИЗМА

В минувшую субботу, 24 сентября, прошел областной субботник, посвященный 20-летию Независимости Республики Казахстан, в котором приняли активное участие и жители всех сельских округов нашего района, вышедшие убирать мусор и приводить в порядок улицы, площади и парки. В одном из своих выступлений Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев отметил, что каждые город и аул, улица и двор в юбилейный 2011 год – год двадцатилетия Независимости нашей страны - должны стать чище, красивее и удобнее для жизни, работы и отдыха.

Нынешний субботник проходил и в рамках осеннего экологического месячника по благоустройству, санитарной очистке и озеленению населенных пунктов района в целях улучшения внешнего облика населенных пунктов, обеспечения комфортности проживания, сохранения и увеличения зеленых насаждений. Проводить большую осеннюю уборку в районе стало уже традицией. Такие мероприятия весной и осенью проходят ежегодно. Главная цель осеннего - подготовить район к зиме - убрать опавшие листья, траву и мусор, подготовить к холодам парки, дороги, объекты внешнего благоустройства – памятники и прочее. В рамках осеннего экологического месячника проводятся работы по санитарной очистке дворов, вывозу мусора, благоустройству закрепленных территорий, осенней посадке зеленых насаждений, осуществляется снос аварийных и сухостойных деревьев, раскорчевка и удаление пней и стволов погибших деревьев, а также санитарная обрезка деревьев и кустарников.

Субботник прошел организованно, его участники были обеспечены необходимым инвентарем. По району в субботнике приняли участие 189 трудовых коллективов предприятий и организаций района общей численностью около 16 тысяч человек. Было привлечено 93 единицы техники, убрано 103 га территории, ликвидировано 20 несанкционированных свалок, отремонтировано 55 светоточек, 5 фасадов зданий, 500 погонных метров дорожного полотна, отремонтировано и покрашено 1000 погонных метров ограждений, обрезано 500 деревьев, посажено 100 кустарников.

Вместе с тем, территории поселков и сельских округов еще требуют принятия мер по наведению санитарного порядка и проведению работ по благоустройству. Благоустроенный и очищенный от мусора населенный пункт – это показатель цивилизованности его жителей, уровня их патриотизма и гражданственности, а также любви к своему дому. Улучшение благоустройства родных улиц и дворов – долг каждого жителя!

**Виктория ГРИЦОВА**

Құрметті аудан тұрғындары!
Қадірлі ардагерлер!

Карттарға қамқорлық – біздің халқымыздың санасына терең сіңген қасиет. Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында Қазақстанда ардагерлерге қамқорлық жасауда ауқымды шаралар іске асырылуда. Біз, сіздердің балаларыңыз бен немерелеріңіз, тәлімді тәрбие, сапалы білім беріп өсіргендіктеріңіз үшін, өмірдің небір қиындықтарын қайыспай жеңе білуге және жеңістерге шаттана білуге үйреткендеріңіз үшін терең алғысымызды білдіремі.

Қымбатты ардагерлер!

Бүгінгі ұрпақ үшін жасаған бар жақсылықтарыңыз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. Сіздерге зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй, отбасыларыңыз бен замандастарыңыз арасында атап өтетін мереке күндері көп болсын деп тілейміз. Егде тартқан жастарыңыз еңселеріңізді түсірмей, өмірлік күш-қуаттарыңыз ұзағынан болғай!

Баршаңызға мықты денсаулық, көтеріңуі көңіл-күй, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Серік ШАЙДАРОВ,
Нұра ауданының әкімі.

Еділ ТҰРАНОВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

*Уважаемые работники образования!*
*Дорогие ветераны!*

По сложившейся традиции в первое воскресенье октября мы отмечаем один из самых замечательных профессиональных праздников – День учителя.

Велика роль педагога, учителя, наставника в жизни нашего общества. Весом вклад казахстанских учителей в осуществление реформ, проводимых по инициативе Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева. Образование является одним из главных приоритетов государственной политики. Местные исполнительные органы также создают необходимые условия для развития системы образования. Укрепляется материально-техническая база школ, они оснащаются современным оборудованием и техникой. Из года в год увеличивается финансирование.

Уважаемые педагоги!

Пусть этот праздничный день будет наполнен теплыми поздравлениями и пожеланиями от ваших коллег и воспитанников. Крепкого вам здоровья, счастья, благополучия, новых успехов в работе, благодарных учеников!

Серик ШАЙДАРОВ,
аким Нуринского района

Едил ТУРАНОВ,
секретарь районного маслихата

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына толымды тарту

## Меже - екі миллион пұт



**Тәжірибелі диқаншы, «Құрмет» орденінің иегері, аудандық мәслихат депутаты Ықсан Тәттібаев басқаратын «Пржевальское» шаруашылығы қамбаға миллион пұт астық құйып үлгерді.**

Биылғы жылы тәжірибелі диқаншы, «Құрмет» орденінің иегері, аудандық мәслихат депутаты Ықсан Тәттібаев басқаратын «Пржевальское» ЖШСінің егіні бітік, өткен қуаңшылық жылы да бұл шаруашылық бір миллион пұт алтын астық жинаған еді. Шаруашылық басшысымен егіс алқабына жол тарттық . Бригада басында алтын астық үшін әр сәтті пайдаланып алтын дәнді ысырапсыз жинап алу үшін тер төгіп жүрген диқаншы қауымның ерен еңбегіне тәнті болдық. Бүгінгі таңға 12мың нан астам гектар жердің егіні орылып, қамбаға бір миллион пұт астық құйылған.

- Бүгінгі таңға алғашқы миллионды да қамбаға құйдық. Биылғы жылдың ауа райы өткен жылмен салыстырғанда егінге қолайлы болды. Дегенмен де жыл бойы жүргізілген агротехникалық шаралардың да берері мол. Биылғы жылы ылғал сақтау технологиясы бойынша 25 мың гектар алқапқа дән себілді, оның ішінде нөлдік технологиямен 7500 га., жер мәдениетін жақсарту, жерге минералдық тыңайытқыштар сіңіру, озық технологияларды пайдалануда едәуір жұмыстар атқарылуының нәтижесінде егін шығымы жақсы.. Жыл сайын шаруашылықтың машина тракторлық паркі жаңартылуда.

Егін жинау науқаны қауырт ұйымдасқан түрде жүргізілуде. Бұл науқанға 50 комбайн, оның ішінде жоғары өнімді КЛААС, Джон Дир, Енисей, НИВА комбайндары қатысады. Оларда механизаторлардың жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалған: кабинада желдеткіші де мұздатқышы да бар, компьтерлік басқаруын механизаторлар толық меңгеріп, ұршықша игеруде. Оларға екі мезгіл ыстық тамақ жеткізіліп тұрады.Адам күші жеткілікті.

Ендігі мақсат – алтын дәнді ысырапсыз жинап алу. Оның бәрі осы қарапайым халықтың маңдай тер еңбегінің жемісі мен нәсібі ғой. Бригадирлер Дубовцев Виктор, Гарифзянов Марат күндіз түні егіс басында.Озат комбайнерлер, жылда алда келе жатқан, өз тапсырмаларын асыра орындап жүрген Доценко Сергей, Зизе Виктор, Рақымжанов Нұргелді, Омаров Талғат, Бейсембаев Жақсылық, Хасан Ербөкен, бас инженер Балтабаев Қанат, бас агроном Тасымов Жанат таңның атысынан қас қарайғанша егіс алқабында еңбек етуде

Орташа өнім әр гектардан 12,2 центнер.Бидайдың салмағы 770, сапасы 35 пайыз.Биылғы жылғы межеміз екі миллион пұт алтын астық жинап, ел тәуелсіздігін еңбектегі табысымызбен қарсы аламыз, еңбектегі барлық табысымызды егемен еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына арнаймыз ,-дейді шаруашылық басшысы.

Қырман басында қайнаған қызу еңбек үстінде алтын астық үшін күндіз түні тер төгіп жүрген қырманшылар. Қырман басшысы Балыкина Любовь зыр жүгіріп, жұмысты барынша тиімді ұйымдастыруда. Бір шетінде келіп түскен дәнді қабылдап, оны тазартып, жөнелтіп те үлгеруде.

Маңдай термен өсірілген ел ризығын шашпай төкпей жинап алу – кімге болсын үлкен сын.Ендігі міндет осы жиналған алтын астықты тазалап, құрғатып, қамбаға түсіру, халықтың көңілі көтеріңкі, қырман астыққа толса, әр отбасында да нан да мал азығы да болатыны белгілі ғой

**Бикен АХМЕТОВА**




В районном акимате

## АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС

**Совещание по вопросу использования земель в районе состоялось на прошлой неделе в районном акимате под председательством акима района С.Шайдарова с участием руководителей районных отделов и учреждений, акимов сел и поселков.**

С информацией по данному вопросу выступил заместитель акима района Б.Шайжанов.

- Всего по району пахотно-пригодных земель 319310 га, из них освоено 81%, залежь составляет 19 % или 59835 га, - отметил в своем выступлении заместитель акима района. – Таким образом, на 1 ноября 2010 года площадь неиспользуемых земель составила 59835 га, снижение по сравнению с аналогичным периодом прошлого года на 12926 га (на 01.11.2009 года – было 72761 га).

Б.Шайжанов подчеркнул, что во исполнение поручения Главы государства о выявлении неиспользуемых земель и вовлечении их в оборот распоряжением акима района создана рабочая группа по проведению инвентаризации земель сельскохозяйственного назначения в составе представителей уполномоченных органов и местного представительного органа. Был разработан и утвержден график проведения инвентаризации по сельским округам с закреплением ответственных лиц и сроки исполнения. Районным отделом земельных отношений проведена ревизия земель сельскохозяйственного назначения по 25 округам района на общей площади 1067142 га, из них пашни - 264597 га, многолетние насаждения - 9 га, залежь - 53547 га, сенокос - 24423 га, пастбища - 681735 га, в том числе пастбища коренного улучшения - 153657 га. В 2011 году выявлено 273 неиспользуемых земельных участка в 18 округах района общей площадью 163900 га, в том числе 43600 га пашни. Поставлено на бесхозяйный учет 213 земельных участков общей площадью 115631 га, в том числе пашни 32000 га. Возвращены государству 21 земельный участок, путем расторжения договоров аренды общей площадью 6600 га, в том числе 1700 га пашни. Подготовлены и направлены в межрегиональную земельную инспекцию 21 материал на земельные участки общей площадью 3100 га, в том числе 3100 га пашни. Находится на рассмотрении рабочей группы 18 материалов на земельные участки общей площадью 38569 га, в том числе 6800 га пашни.

- Была проведена сверка с Налоговым управлением района на предмет соответствия наличия крестьянских и фермерских хозяйств. По базе данных Налогового управления на учете по состоянию на 23.06.2011 года состоит 652 крестьянских и фермерских хозяйств. По базе данных отдела земельных отношений 728 крестьянских и фермерских хозяйств. Разница составляет 76 хозяйств. Из них 53 крестьянских и фермерских хозяйств сняты с учета в Налоговом управлении согласно аудиторской проверки, но с заявлением о возврате земельных участков в акимат не обращались. По 10 крестьянским и фермерским хозяйствам отделом земельных отношений проводится ревизия кадастровых дел для предоставления полных данных в Налоговое управление для дальнейшей отработки. 13 крестьянских и фермерских хозяйств необходимо привлечь к постановке на учет в Налоговом управлении.

Таким образом, необходимо акимам сельских округов провести работу по привлечению крестьянских и фермерских хозяйств по постановке на учет в Налоговое управление района, а также по добровольному возврату земельных участков совместно с отделом земельных отношений, проводить разъяснительную работу с крестьянскими и фермерскими хозяйствами по регистрации идентификационных документов в управлении юстиции, - подчеркнул Б.Шайжанов.

В завершении выступления заместитель акима района отметил, что в текущем году для проведения конкурса заложено из бюджета 5 млн. тенге. В настоящее время согласно заявки ДГП «Караганда НПЦзем» подготовил землеустроительные проекты и кадастровые оценочные стоимости земельных участков для проведения конкурсов, которые находятся в отделе земельных отношений. 27 августа текущего года в республиканской и районной газетах было опубликовано объявление о начале проведения конкурса с указанием земельных участков по сельским округам района общей площадью 381412,7 га.

- Вопрос использования земель – очень важный. Земля должна служить человеку. Работа в данном направлении проводится, но ее нужно активизировать, чтобы как можно скорее вовлечь неиспользуемые земли в оборот, - подчеркнул аким района С.Шайдаров, подводя итоги совещания.

**Бикен АХМЕТОВА**

Мағжан Жұмабаевтың тіл туралы ойларынан

## «ҰЛТҚА ТІЛІНЕН ҚЫМБАТ НӘРСЕ ЖОҚ»

Мағжан Жұмабаев ұлы ақындармен қатар өресі биік өміршең ойлар айта білген ойшыл азамат. Мағжан Жұмабаев халық өмірінде ұлттық тілдің өлшеусіз рөл атқаратындығын ұдайы ескеріп отырған.

Мағжан жазған мына бір жолдарда тілдің жеке адам, ұлт өміріндегі мән-маңызы барынша нақтылы көсетілген:

**«Тіл – адам жанының тілмәші.** Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. (Мағжан Жұмабаев. Шығармалар. 3 томдық. 2-3 том Алматы. «Білім», 1996,289-бет). Бұл жерде тілдің адам өміріндегі бір-бірімен қарым-қатынас (коммуникативтік) құралы ретінде аса маңызды рөлі көрсетілген.

Мағжан ары қарай «Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы, адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында», - деп, ойын тереңдете түсіреді.

Мағжан тілдің ұлт өміріндегі маңызды орнына ерекше мән береді. Ұлттың ұлт болып қалуының өзі тілге байланысты деген ойды сол кезіндің өзінде-ақ орыс тіліне қарай ойыса бастағандарға, ұлтжанды оқырмандарға, ел зиялыларына қарай айтады: «Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ.

Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді.Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті». Бұл сөздер отаршылдыққа қазақ халқының болашағы туралы ойлануды оның тілін айта отырып, ескерту де сияқты. Тіліңді көзіңнің қарашығындай сақта, сонда барып ұлтың өркен жаяды; ұлтың мықты болса, сен де мықтысың, бақыттысың дегенді меңзеп отыр автор.

**Тіл – ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты.**

**«Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай өрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын, сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды тіл жоқ».**

Ақынның өз ана тілін қаншалықты сүйетіндігі, оның болашағына сенетіндігі осы жолдардан анық көрініп тұр. Мағжанның бұл ойлары жайдан-жай айтыла салған емес. Байыппен оқысаңыз, отаршылдыққа қарсы бағытталған саяси астары да бар.

М.Жұмабаев та сол кезде ұлтым, халқым деп шыққан үркердей ұлтжанды азаматтармен бірге ұлтшылдықпен айыпталып, бар болғаны ұлтын сүйгені үшін жазықсыз жазаға ұшырады.

Мағжанның бұл ойлары егемен еліміздің іргетасын мықтап, ертеңін ойластырып жатқан бүгінгі күндері де әрбір азаматтың есінде жүрер, бойына күш-қуат беріп, ұлт үшін ұлы істерге бастар рухани бойтұмар сияқты: ұлттық дауымыздың рухани қайнар көздерін барлық уақыттарда да жарқыратып көрсетіп тұратын шамшырағы іспеттес; ұлттың болашағын бағдарлап, жол көрсетіп тұрған темірқазығы секілді.

Ақын кейінгі ұрпақтарға аманат етіп осындай сөздер қалдырыпты. Ұлттың бағын ашып, мәртебесін тасытатын асыл ойларды жүзеген асырып, сөйтіп ата-бабалар салып берген даңғылмен жүру бүгінгі ұрпақтың мәртебелі де басты міндеті. Өйткені, басқа тура жол жоқ.

**Әзірлеген Бикен АХМЕТОВА**

20-летию Независимости РК

## ЗДОРОВЫЕ ТЕЛОМ И ДУХОМ

**«Необходимо вести здоровый образ жизни и заниматься спортом".**
**Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев**

**Формирование здорового образа жизни является важнейшей задачей современного общества. В своих обращениях к народу Президент нашей страны Нурсултан Абишевич Назарбаев неоднократно отмечал чрезвычайную важность пропаганды здорового образа жизни как составляющей полноценного развития каждого передового современного государства и особую важность этого процесса в молодежной среде. Актуальность оздоровления населения отмечается и в прошлогоднем Послании Главы нашего государства народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана», в котором поставлена задача довести к 2020 году число вовлеченных в массовый спорт соотечественников до 30 % от общего числа населения страны. В новом Послании Президента Казахстана «Построим будущее вместе!» от 28 января 2011 года Глава государства отметил: «Необходимо вести пропаганду здорового образа жизни, использовать созданную повсеместно спортивную базу».**

В нашем районном центре прошлая неделя была насыщена соревнованиями по футболу, прошедшими под эгидой 20-летия Независимости Республики Казахстан и имеющими важное идеологическое значение для популяризации проводимой политики государства по формированию здорового образа жизни.

Так, в среду, 21 сентября, на стадионе «Нура» прошел турнир по футболу среди команд учащихся 4-6 классов, в котором приняли участие команды Детско-юношеской спортивной школы п. Киевка, филиала Детско-юношеской спортивной школы из села им. К. Мынбаева и Каройской средней школы. Мероприятие, организованное Детско-юношеской спортивной школой Нуринского района, преследовало цели, касающиеся привлечения детей и подростков к регулярным занятиям физической культурой и спортом, формирования культуры здорового и активного образа жизни, популяризации спорта. «В здоровом теле - здоровый дух», - напоминают организаторы. Команды показали высокий уровень подготовки и волю к победе. В упорной борьбе победу одержала команда Детско-юношеской спортивной школы п. Киевка. Второе место завоевала команда филиала Детско-юношеской спортивной школы из села им. К. Мынбаева, на третьем оказались спортсмены из Каройской средней школы.

23 сентября, в пятницу, на стадионе «Нура» прошли соревнования по мини-футболу на Кубок Детско-юношеской спортивной школы Нуринского района, организованные ДЮСШ района. В соревнованиях приняли участие футбольные команды из районного центра: сборная команда физруков, команда тренеров Детско-юношеской спортивной школы района, команда пожарной части № 39, команда молодежной сборной поселка, а также команда районного отдела образования, физической культуры и спорта. Команды показали хорошие результаты, порадовали болельщиков красивым футболом.

**Продолжение на 4-ой стр.**

# Ерлік – елге өнеге, ұрпаққа ұран!

**Ел тәуелсіздігінің қарсаңында арнайы бекітілген жоспарға сәйкес Нұра елінде тағы да бір мерейлі мереке өтті.**
**Аудан әкімі Серік Шайдаровтың басшылығымен «Даңқ орденінің толық иегері, Нұра ауданының Құрметті азаматы Мүтәш Сүлейменовтың 90 жылдық торқалы тойы өзінің туған ауылы Кертіндіде өтті. Оған батырдың туған туыстары, зиялы қауым қатысты.**

Атақты арғы атасы Тілен батыр,
Орнатқан дұшпанына заман ақыр.
Құр қалмас аруақ түбі деген рас,
Жалғасып ерлік істер келе жатыр.

Адам аз қатар келер бұған теңдас
Мұндай жан жиі туып келе бермес.
Аңыз қып айтып жүрер жастарға үлгі
Ісінің бәрі ғажап өмірі өлмес.

**Махмет Темірұлы.**

Таңнан ауылдың еңбектеген баласы мен еңкейген қарты орталыққа ағылды. Мереке ауылдағы күре жол өтетін көшеге Мүтәш Сүлейменовтың есімінің берілуінің салтанатты ашылуымен басталды. Көше басына қойылған белгіні соғыс ардагері Үмен Тұрмағамбетов пен батырдың қызы Жұпар ашты. Бұл туралы тұрғындардың өтінішін ескере отырып ауыл әкімі Е.Оспанов өкім қабылдаған болатын.

Одан соң мереке ауылдық Мәдениет үйінде жалғасты. Оқушылар қонақтарды Мәдениет үйіне кіре берісте қарсы алып оларға осы тойға арнайы шығарылған бейджиктер мен естелік буклет, той бағдармаларын таратып отырды. Бұл тойға жыл бойы әзірлік жүргізілді. Ауылды санитарлық тазалауға аудандық бюджеттен 1,8 млн теңге бөлініп, ауылдан 8 мың тонна күл қоқыс шығарылды.Әр тұрғын үйлерінің маңайын ретке келтіріп, қоршауларын бояп, үйлерін әктеп мерейтойға әзірлік жасағаны сөзсіз. Көшелерге Батыр бейнесімен пилон, билбордтар әзірленіп ілінді.

Жыл басынан бекітілген жоспарға сәйкес аудан бойынша осы тақырыпта түрлі сайыстар, конференциялар, кездесулер, шығармалар және спорттық ойындар ұйымдастырылды. Ардақты ағамыздың құрметіне арналған көлемді іс-шаралардың



лайықты жалғасы және нәтижелі қорытындысы бүгін осы жерде өтіп жатыр. Барлық өткізіліп жатқан іс-шаралар Мүтәш ағамыздың артына қалдырған асыл мұрасы – еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі, беті қайтпас қайсарлығы өскелең ұрпақтың адал жүрегіне ұлы патриотизмді қалыптастыруға әсер ететіні сөзсіз.

Ауыл әкімі Е.Оспанов батырдың өткен өмір жолдары жайында жан-жақты мәлімет берді.

Аудан әкімі атынан көпшілікті құттықтаған аудан әкімінің орынбасары З.Даутова:

- Бүгін біздің осы қасиетті жерде кездесуіміз – ел басына күн туғанда қолына қару алып, Отан қорғауда өшпес ерлік көрсетіп, елге жеңіспен оралған Батыр ағамыз Мүтәш Сүлейменовтың мерейтойына арналады.

Осындай ерлік пен қаһармандықтың арқасында бүгінгі бейбітшілік күні Елбасының басшылығымен қарыштап дамып келе жатқан тәуелсіз Қазақстан да көркейіп келеді.

Ұлы Жеңісті жақындатқан ардақты ағаларымыздың бірі халқымыздың қаһарман ұлы, Қарағанды қаласы мен Нұра өңірінің Құрметті азаматы, ұрыста елдің айбыны, ұлы істе ұрпақ бағбаны болған ұстаз ардагер Мүтәш Сүлейменовтың 90 жасқа келу тойымен сіздерді Нұра ауданының әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың атынан шын жүректен құттықтаймын.

Бүкіл елге әйгілі болған нұрлы Нұра мақтанышы, жұлдызды ағамыздың тойына туған туысқандары, белгілі қоғам қайраткерлері, жоғары лауазымды ел ағалары да қатысып отыр.

Мүтәш ағамыз 1921 жылдың қыркүйегінде осы жерде дүниеге келіп, жас болса да сол қиын қыстау кезеңдердің тауқыметін басынан өткізіп шыңдала берді. Тапсе темір үзетін жырмадағы азамат 1942 жылы майданға шақырылып, өз есімі ел есінде мәңгі сақталып, аты жөні ОТан соғысының тарихында алтын әріппен жазылатынын әрине білген жоқ.

Ұлы даланың жазық маңдай, ержүрек азаматы майдандағы ерлігі мен қаһармандығы үшін «Даңқ» орденінің толық иегері болып, «За Отвагу» медалімен және «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Соғыстың отты жылдарынан аман өтіп, еліне Батыр болып оралған Мүтәш ағамызды бүкіл ел мақтан тұтты.

Мүтәш ағамыз Москва қаласында өткен тарихи бес парадқа қатысып, бейбітшілік өмірде де үлкенге сыйлы, кішіге үлгі болды.

Аяулы ағамыздың бейнесі батырлық пен отансүйгіштіктің үлгісіндей болып ұрпақтар жадында мәңгі сақталып, бай тәжрибесі мен өмірлік ұстанымы өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына сіңіретін құнды азық болып табылады. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңындағы аудан бойынша кеңінен аталып отырған осы үлкен тойға, ардақты ағамыздың құрметіне демеушілік жасаған жергілікті азаматтарына алғысымызды айта отырып, майданда да, бейбітшілік ұлы істерде де алда болған аяулы ел азаматының туған туыстарына зор денсаулық, ұзақ өмір, құт-береке тілеймі!-,дей келе, аудан әкімінің М.Сүлейменов атындағы мектепке арнайы сыйлығы - құны 4,5 млн. теңге биология кабинетін сыйға табыс етті.

Одан соң сөз алған Е.Бөкетов атындағы Университеттің профессоры Қ.Бекішев, батырдың үзеңгілес достары Ү.Тұрмағамбетов, мектеп директоры Б.Омаров оны мақтанышпен еске алды. Оның қарапайымдылығы мен еңбекқорлығы ерекше аталды.

Келесі кезекте аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары М.Сүлейменов өмірінен мазмұнды қойылым көрсетіп көпшілік көңілінен шықты. Жалғызын соғысқа аттандырып зар илеп қалған ана, қан майданда өмір мен өлім арасында арпалысқан өрімдей жас жауынгерлер бәрі шынайы бейнеленіп, бізді сонау сұрапыл соғыс жылдарына апарып, көз алдымызға сол бір қанды соғыс күндерді елестетті. Көрініс ешкімді бей жай қалдырмады.

Ауыл әкімі Еркін Оспанов Рабиға Құтжанова басқарып отырған мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Мәдениет үйінің ұжымына жүрекжарды ризалығын білдірді. Бұдан соң мектепте оқушылар арасында мәнерлеп оқудан сайыс өтіп, қонақтар М.Сүлейменов мұражайындағы тың материалдармен таныстық.

Мектеп спортзалында қазақ күресінен, бокстен турнир өтті. Оған жас спортшылар өте белсене қатысты. Әр салмақта Жамаухан Дәулетқазы, Амантай нүркен, Айтпек Диас, Қордабай Нұргиса, Өміртай Нұрхан, Айтпек Аңсар, Қордабай Асылжан, Көлзақ Еркебұлан, Самар Серік жеңіске жетті. Түйе палуан болып аты республикаға танымал Бекзат Ахметбеков жеңіп шықты. Сонымен қатар әр




салмақта Тельман Әділ, Абдрахманов Талас, Марат Заңғар, рақымбеков Тоқтар, Сағадибек Темірлан жеңіске жетті.Ауыл шетінде ат жарыс аударыспақ өтті. Аударыспақтан Ішi орында Изендіден келген Шаймерденов Нұрхан және Жаркенов Азамат иеленді. Аламан бәйгеде Кертінді ауылынан Т.Сатановтың сәйгүлігі Іші



келді. Жеңімпаздарға екі камералы мұздатқыштан бастап әртүрлі тұрмыстық техника сыйға берілді.

Иә, бұл жолы да Кертінділіктер ауыл әкімі Еркін Оспановтың басшылығымен бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білді. Мерейтой жоғары деңгейде өтті. Бұл – майдангерге көрсетілген құрмет. Туған халқының жүрегінен орын алған адамның ғұмыры мәңгілік, жүріп өткен жолы кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге.

Сөйтіп, Нұра елі батырын ардақтады, асқақтатты. Бүкіл қазақтың мақтаны, есімі аңызға айналған ерліктің үлгісі болған Мүтәш Сүлейменов есімі ел есінде мәңгі жасап, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берері сөзсіз.

Ерлік мәңгі жасайды. Батыр ағамыз Мүтәш Сүлейменов есімі тәуелсіз Қазақстан тарихында алтын әріппен жазылып, елімен бірге жасай береді. Ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа жетері сөзсіз.

**Ерболат Әубәкіров, туысы, Қарағанды қаласынан:**

- Ерін ұмытпаған, оның өмірін келер ұрпаққа үлгі ету үшін аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың қолдауымен өткізіліп отырған осы мерейтой үшін аудан басшыларына бас иіп ризалығымды білдіремін. Тойдың ауылда өткені өте дұрыс болды. Мүтекең осы ауылда дүниеге келді, осы ауылдан майданға аттанды, осы ауыл мектебінде 41 жыл ұстаздық етті. Барлық саналы ғұмыры осы ауылда өтті.Батыр ағамыздың жүріп өткен жолдарының ізі, тәрбиелеген шәкірттері, бірге өскен құрбылары мен әріптестері оны аса құрметпен еске алды.



**Мустафин Салкен, Қарағанды экономикалық Университетінің аға оқытушысы,** ауыл тумасы: - Ауылым үшін қуанып тұрмын, осы мерейтой біздің ауылда отеді дегеннен дамыл таппадық.Мереке жақсы ұйымдастырылып, сәтті өтті деуге болады. Ауыл түгел осында. Қандай тамаша ат жарыстар болды, мұндай мерекені ауыл көптен көрген жоқ. Бүгін осы ауылдан шыққан түлектердің бәрі осында десем артық айтпаған болар едік, бәрі үлкен қуанышта, бір бірімен қауышып, батыр ағаның соңында саналы да ұлағатты ұрпағы бар екенін паш етті. Сондықтан да ұ йымдастырушыларға зор алғысымызды білдіреміз.

Ауылымызда есте қалар оқиға болды. Бәріміз бір кісідей жұмылдық. Жалпы аудан басшысы аудан үшін көп игі істер жасап жатыр, атап айтсақ ауылдарды абаттандыру, көркейту, тазарту қолға алынуда, ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай аудан орталығында жаңа ғимараттар бой көтеруде.

*Суреттерде: мерейтойдан көріністер*

**Бикен АХМЕТОВА,**
**ҚР Журналистер Одағының мүшесі**

Ертен - мұғалім күні

# Жастар - ел тірегі




**Ең жақсы мұғалімді дүниедегінің бөрінен қымбат бағалаймын. Халық мектептері үшін мұғалім - бар нөрсенің кіндігі.**
**Ы.Алтынсарин.**

«Жас Отан» Жастар қанатының аймақтық филиалдарының күшімен жүзеге асқан «Дипоммен – ауылға» бағдарламасы жыл өткен сайын ауыл халықтарын қуанышқа бөлеуде. Осындай қуанышқа ауданымызға қарасты Байтуған ауылы да тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында кенеліп отыр. Бұған себеп ауылымызға келген жас мамандар.

Тәуелсізідігіміздің 20 жылдығы қарсаңында, еліміздің ертеңі – жастарға қазіргі таңда көрсетіліп жатқан қамқорлықтар ұшан теңіз деуге болады. Бір кездері ауылдан қалаға қарай ағылған жастар бүгінде ауылға қарай бет алған. Өзінің туған ауылына барып еңбек етіп, жерін, елін көркейтуге ат салысамын деген жастарға көрсетілер көмек те орасан зор. Қазір оқу бітірген жастар бірден ауылға асығып тұрады. Оған себеп бүгінде қолға алынып, жүзеге асырылып жатқан зор бастамалардың бірі «Дипломмен ауылға» жобасы жастарымызға үлкен жігер беріп, қанаттандыра түсуде. Елбасының қолдауымен іске асырылып жатқан бұл бағдарлама аясында оқу бітірген жастар жер-жерлерге жұмысқа жіберіліп отыр. Соның айғағындай ауданымызда әр сала бойынша жұмысқа келген әрбір жас бір реттік берілетін жәрдемақы мен тұрғын үй алуға жеңілдетілген несиеге қол жеткізуде. Міне, осы жоба аясында ауылға келген жас маманды құшақ жая қарсы алып, жайлы орналасуына олардың белгіленген әлеуметтік көмекпен уақытылы қамтылуына жағдайлар жасалып отыр деуге негіз бар. Олай дейтініміз ауылға қажетті мамандықты анық белгілеп, ат басын тіреп отырғандар қаншама. Олардың арасында жоғары және орта арнаулы білімі бар әр мамандық иелері, мәселен ұстаздар, мәдениет саласының мамандары, дәрігер тағы басқалар.

**Міне, солардың бірі ел Тәуелсіздігінің құрдасы Безе Дина Викторқызы осы жоба бойынша туған ауылы Байтуғанға бет бұрған еді.** Ондағы ойы өзінің туған жеріне келіп еңбек етіп, артындағы ізбасарлары жас жеткіншектерге сапалы білім, тәлімді тәрбие беру болатын. Ол 2007 жылы Байтуған орта мектебін бітіргеннен кейін Қарағанды гуманитарлық колледжіне түсіп, «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша оқу бітіріп шығады. Жас маман «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында жұмысқа жастардын қабылданып жатқанын естіп, бірден ауылына баруды ойлаған. Дереу барлық құжаттарын реттеп, өзін білім нәрімен сусындаған Байтуған орта мектебіне жолдама алып, өзі білім алған ұстаздарымен қатар еңбекке араласты. Өзге ұлттың өкілі бола тұра қазақ тілін жан-жақты меңгерген жас маман орыс сыныптарына мемлекеттік тілді мұқият үйретуде.





Сонымен қатар осы ауылдың түлегі болған Қасым Әсел Жанғарбайқызы да осы жоба бойынша өз туған жеріне жол тартқан. 2008-2011 жылы Қарағанды Болашақ колледжінің «Ақпараттық жүйе» мамандығы бойынша оқуын үздік дипломмен аяқтады. Қазіргі таңда өзінің білім алған мектебінде Шығармашылық ісінің меңгерушісі болып жұмыс атқаруда.

**Жұмыстың әрине оңайы болмайтыны шындық. Бірақ жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүруді өзіне ар көретін жас маман Қисықов Азамат Өміржанұлы «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша Байтуған ауылына келген.**



Азамат жас кезінен ұстаз болуды армандайтын. Сол арманының орындалғанына, әрі жастарға осынша үлкен қамқорлықтың көрсетіліп жатқанына іштей қуанған ол еңбекке ден қояды. Қарағанды облысы, Нұра ауданы Кертінді ауылының түлегі 2007-2011 жылдары Қарағанды Мемлекеттік Униветситетін тамамдап, химия мұғалімі мамандығының дипломын қолға алысымен осы жоба бойынша жұмыс істеуді жөн көрген. Алғаш жұмысқа қабылданған сәттен бастап Байтуған орта мектебінің ұжымы жас маманды жылы шыраймен қарсы алып, қолдарынан келген көмектерін аямаған.



Сонымен қатар қашан көрсең тиянақтылығымен, жауапкершілігімен ұстаздар қауымының алғысына бөленіп жүрген **Несінова Дана Еркенқызы** Жаңақұрылыс ауылына «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша барған жас мамандардың бірі. Нұра ауданына қарасты Кертінді ауылының азаматшасы оқу бітірісімен Қарағанды Мемлекеттік Униветситетін тамамдаған. Неміс тілі және ағылшын тілі мамандығын алған жас маман да осы жоба бойынша жұмысын жалғастыруды жөн көреді. Қазіргі таңда Жаңақұрылыс мектебінде неміс тілі мен ағылшын тілінен сабақ береді. Біздіңше, ұстаз болу үшін үлкен жү¬¬рек керек. Жұрттың баласын жақ¬сы кө¬ріп, солардың болашағына сеніп, әр тентекті тәрбиеге үйретіп, олар¬дың сана¬сы¬на сәуле құйып, бі¬лім¬нің қайнар бұла¬ғы¬нан сусындату әр¬кімнің қолынан келмейді. Ол тек үлкен жүректі азамат¬тар¬дың ғана қо¬лынан келетін іс. Міне, осындай қиындыққа қарамай өз жұмыстарын жалғастыруға ниет білдірген жас мамандар алдағы уақытта бір айлық көтерме ақыға қол жеткізетіндеріне кәміл сенуде. Жас мамандар осы жобаны құрастырған «Жас отан» жастар қанатына және арнайы жұмыспен қамтамассыз етуге негіз болған аудан әкіміне өздерінің алғысын білдіруде.

Туған ауылдарына келіп өз жүрек қалауымен таңдаған мамандығы бойынша еңбекке араласып отырған жас мамнадарға мол табыстар тілеп, биік белеске әр кезде көтеріле беріңдер деген ақ тілегімізді білдіреміз.

**Өмірхан НАҚЫПОВ**

20-летию Независимости РК

# ЗДОРОВЫЕ ТЕЛОМ И ДУХОМ

**Продолжение. Начало на 2-й стр.**

Места распределились следующим образом: третье место заняла сборная команда физруков, второе – команда молодежной сборной поселка, а победу завоевали тренеры Детско-юношеской спортивной школы района. Таким образом, эта команда стала победителем соревнований по мини-футболу на Кубок Детско-юношеской спортивной школы Нуринского района. Кроме того, судьями были отмечены лучшие игроки из команды победителей, которыми стали Е.Смаилов, А.Смагулов, С.Есенов, Г.Баранов, Б.Манамбеков, а также М.Искиндиров – «Лучший вратарь».

Завершилась неделя прошедшими в минувшее воскресенье соревнованиями по футболу, на которых встретились спортсмены из Акмолинской области – футбольная команда «Кызыл-жар» из села Кабанбай батыр – и команда молодежной сборной поселка Киевка «Нура». Инициатором и организатором данного спортивного мероприятия выступил Амангельды Тураров, врач-стоматолог, владелец частной стоматологической клиники «Дантист-Нура», расположенной в районном центре. Поддержку в организации и проведении соревнований оказала Детско-юношеская спортивная школа района, спонсорскую помощь – частные предприниматели районного центра и Налоговое управление по Нуринскому району.

- Данное спортивное мероприятие посвящено 20-летию Независимости Республики Казахстан и проводится под девизом «Физическая активность и спорт – залог здоровья нации» в рамках акции «Фестиваль здоровья», направленной на продвижение принципов здорового образа жизни среди населения, развитие массовой физической культуры и спорта, - рассказывает в интервью районной газете инициатор мероприятия Амангельды Тураров. – Конечно, хочется поднять уровень футбола в нашем районе. Я сам бывший футболист, и меня беспокоят низкие результаты футбольной команды нашего района, проявляющиеся в последние годы. Мне, как бывшему спортсмену и жителю района, просто обидно. У нас в районе есть все возможности для занятия спортом, в том числе футболом. Необходимо воспитывать и поддерживать у нуринцев спортивный образ жизни. Сегодня мы хотим доказать пользу увлечения спортом, заинтересовать молодежь, пополнить наши ряды. Подобные состязания мы планируем провести зимой, посвятив их воинам-интернационалистам. Летом хотим встретиться с футбольными командами поселка Ботакара Бухар-Жырауского района, Каркаралинского и Абайского районов, а дальше уже – с командами Астаны и Темиртау. У нас есть потенциал, необходимо продемонстрировать, на что способны наши спортсмены!

Мероприятие было тщательно организовано.





Была обеспечена максимальная безопасность участников соревнований, на стадионе дежурили наряды сотрудников районного отдела внутренних дел. Местными предпринимателями была организована продажа продукции питания.

Торжественная церемония, посвященная открытию спортивного мероприятия, началась с исполнения Государственного Гимна Республики Казахстан. Открытие мероприятия проводила директор Детско-юношеской спортивной школы района О.Баранова, представив присутствующим пришедших с напутствиями на праздник гостей.

С приветственным словом к участникам соревнований обратился начальник Департамента образования г. Астаны К.Жахин:

- Хочется выразить огромную благодарность всему активу поселка Киевка, местным исполнительным органам района за проводимую работу по формированию здорового образа жизни, фанатам спорта – за инициирование и организацию вот таких соревнований. Без фанатов спорт никогда не развивался. Отдельная благодарность Амангельды Турарову за то, что он проводит эту работу среди молодежи. Давайте будем сражаться на спортивных аренах, футбольных полях! Это лучше, чем посвящать свое свободное время чему-то другому.

Завершая выступление, К.Жахин пообещал обеспечить футбольную команду нашего района единой спортивной формой.

- Это будет нашей спонсорской поддержкой, - сказал начальник Департамента образования г. Астаны.

- Здоровому образу жизни, развитию массового спортивного движения уделяется огромное внимание в нашей стране, в том числе и в районе, - отметил в своем выступлении аким поселка Киевка И.Пронин. - Физическая культура и спорт не только укрепляют здоровье, но и воспитывают характер, закаляют волю, помогают преодолевать трудности. Спорт делает нашу жизнь красочнее и интереснее, именно здесь проявляются настоящие бойцовские качества и сила духа. А именно здоровые телом и духом люди во все времена составляли опору общества. Формирование здорового образа жизни, сохранение добрых спортивных традиций способствуют нравственному обновлению, улучшению здоровья нации, воспитанию подрастающего поколения, его физической и нравственной закалке. Выражаю искреннюю благодарность Амангельды Турарову, спонсорам этого мероприятия, ветеранам спорта, которые все это организовали, за преданность спорту, пропаганду здорового образа жизни, а также нашим гостям – спортсменам из футбольной команды «Кызыл-жар» - за то, что откликнулись на эту встречу. Желаю упорства, бодрости духа и, конечно же, настойчивости в достижении новых высоких результатов, которые приумножат спортивную славу нашей страны.

Удачи и победы спортсменам пожелали ветеран спорта К.Бексултанов и главный судья соревнований, тренер по футболу Детско-юношеской спортивной школы района Е.Смаилов. После чего был дан старт проведению спортивного мероприятия.

Так на поле «боя» встретились наши спортсмены – команда молодежной сборной поселка Киевка «Нура» во главе с капитаном команды Дауреном Абдигалиевым под руководством тренера Ержана Смаилова – с акмолинским «Кызыл-жаром», капитан команды – Владимир Дегтярев, тренер – Ануар Сулейменов.

Команды активно начали матч. Опасные моменты посыпались с первых минут встречи. Счет открыла команда «Кызыл-жар», первый гол которой принес полузащитник Серик Зарипов, вслед за ним отправил мяч в ворота «Нуры» нападающий Александр Оробинский. Тут собрались и наши спортсмены, забив первый гол в ворота соперника. Его принес команде капитан «Нуры» Даурен Абдигалиев. Но гости на достигнутом останавливаться не собирались, к концу первого тайма счет был 4:1 в пользу команды «Кызыл-жар», здесь отличились Самет Баимбетов и снова Александр Оробинский. Вплоть до свистка на перерыв команды продолжали упорно биться.

Второй тайм продолжился по сценарию первого. Соперники снова отправили в ворота «Нуры» 4 мяча: по 2 гола забили Коля Ахмедов и Азамат Джалгасов. У "Нуры" было много моментов, когда мяч попадал в штангу или пролетал в нескольких сантиметрах от ворот соперника, но увы…И лишь на последней секунде матча второй гол нашей команде принес Кайырхан Ермек. Таким образом, в острой и бескомпромиссной борьбе команда «Нуры» крупно уступила акмолинскому «Кызыл-жару», матч закончился со счетом 8:2.

Команда победителя получила Кубок, медали, всем отличившимся игрокам команд были вручены грамоты. Судейской командой были присуждены звания лучшим игрокам футбольной команды «Кызыл-жар». Так, «Лучший вратарь» - Азамат Дюсекеев, «Лучший защитник» - Рудольф Тидэ, «Лучший полузащитник» - Серик Зарипов, «Лучший нападающий» - Александр Оробинский.

Слово для награждения было предоставлено организатору соревнований А.Турарову.

- Это был мастер-класс для наших ребят. Но я надеюсь, что наши ребята еще покажут себя, - сказал А.Тураров, пожелав успехов, поблагодарив всех за участие.

**Виктория ГРИЦОВА**

Сәйділ Омарұлы Талжановтың туғанына-105 жыл

# ХАЛҚЫМНЫҢ БІРТУАР АЗАМАТЫ

*Армысыздар,ардақты ағайын!*
*Домбыра күйін қағайын,*
*Еске алып,бүгін міне,осы кеште*
*Сәйділдің аунатайын аруағын.*

*Б.Майлин.*

Сәйділ Омарұлы Талжанов - өмірдің сан түрлі қиындығын мойымаған, алдына қойған мақсатын айнымайтын асыл қасиетін өмірімен де,ісімен де дәлелдеп өткен жан.Сәйділ атамыздың есімі осы бір ілтипатпен ауызға алынуы тиіс.

Ауылымызда әр мерекені атап өту,мәдени іс-шаралар өткізіп отыру дәстүрге айналған,соның бір дәлелі Сәйділ Омарұлы Талжановтың 105 жылдық мерей тойы.

«Тумайды жұртын ақын жылатуға,
Туады жүректерін қуантуға,
Өленің орамал ғып өтеді олар,
Көз жасын адамзаттың құрғатуға» деп дәл тауып айтқандай мектепте біршама іс –шаралар өткізілді.




Міне,аптаның бірінші күні мерекенің ашылу салтанатымен оқушылар танастырылды. Сәйділ атамыздың шығармашылығымен мұражайға саяхат жүргізілді.Оқушылар шығармашылығынан «Ақиық ақын»атты сайыс өз дәрежесіне жетті.9-11сыныптар арасында дөңгелек стол ұымдастырылып, қызықты да көңілді болды.Біздің тіліміз шешен сөйлеуге,әуенді ырғаққа,төгілме поэзияға өте ыңғайлы,оның үстіне жүрек пен сезімнің нәзік құбылысын мәнерлеп оқуы етті. «Арқаның ардақтысы» атты кітаптар көрмесі ағынан жарылды.

Сонаң бір сарқалмайтын Сәйділ едің,
Суалмас әділдіктің айдыны едің,
Шындықты бетке айтатын мінезінмен
Досқа да,дұшпанға да әйгілі едің.



Тарлан ғалым,білікті маман,талғамды жазушы Сәйділ Омарұлы Талжанов қоғамдық және мәдени өмірімізге айрықша із қалдырған аса көрнекті тұлға.

Өз халқының асқақ шынында мәңгілік шолпан жұлдызындай жарқыраған Сәйділ Омарұлы Талжановқа арналған «Халқымның біртуар азаматы»атты әдеби кеш .Бұл кешке қадірлі қонақтар шақырылды,олар Сәйділдің көзін көрген қариялар Б.Қожахметов, Д.Садыкова ,ауыл әкімі Б.Ахметов және оқушылар,ұстаздар.Кешті құттықтау сезімен ауыл әкіміБ.Ахметов бастап, оқушыларға шығармашылық тілеп,Сәйділ атамыздың атын биікке кетеруін тіледі.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең» бірнеше әндер орындалып, сахналық көріністер қойылып керермен көңілінен шықты.»Әнменен өремін армандымды» атты тақырыпта ол кісінің емірі мен еңбек жолдары жөнінде мұражай жетекшісі Джунусова М.К.көрермендерді таныстырды.

Мәдениет үйінің қызтеткерлері,ұстаздар.оқушылар нағыз әртіске тән шеберлік көрсетті.Мерекенің тойлануы оқушыларға көрсетілген құрмет,ал үлкендер үшін сол тойды еске қаларлықтай етіп өткізу-міндет.

Сәйділ Омарұлы өз ауданымыздың аяулы да,атақты ардагерлерінің бірі.Нұралықтардың ғана емес,бүкіл қоғамымыздың Қазақстанымыздың ардақ тұтар зор тұлғалы азаматы,мақтанышы.Ауылымыздың бұрыннан қызмет көрсетіп,келе жатқан азамат Сәйділ атамыздың туған туысы Жағуфаров М. Жылдан-жылға мектепке көмек көрсетіп отырады.Алғысымыз шексіз.

Барын аямаған жандарға көпшілік атынан алғыс білдіре отырып,өмірімізде мерекелер кеп болып,оқушылар,ұстаздар ұйымдастырған ұйымының көңіліне кір шалмасын демекпіз.

**Ж. Әбенова,**

# ВНИМАНИЕ: ПОЛИОМИЕЛИТ!

В соответствии с информацией № 11-6/2947 от 06.09.2011г ДК ГСЭН МЗ РК по Карагандинской области , УГСЭН по Нуринскому району сообщает, что в провинции Xinxianq (Синьцзян - Уйгурском автономном районе) Китай зарегистрировано 4 случая полиомиелита, вызванного диким вирусом 1-го типа у детей в возрасте от 4 месяцев до 3-х лет. Даты начала паралича в период с 3 по 19 июля 2011 года. ВОЗ подтвердила факт завоза дикого полиовируса 1 типа в Китай из Пакистана. По результатам секвенирования вирус, выделенный в Китае, 99% совпадает с вирусом, вызвавшем вспышку полиомиелита в Пакистане в 2009 году.

С учетом сложившейся эпидемиологической ситуации в Китае, для предупреждения заболевания полиомиелитом и в целях недопущения завоза дикого полиовируса на территорию района рекомендуем лицам, выезжающим в Китай, иметь полный комплекс вакцинации против полиомиелита (не менее 4 доз).

Выясните у вашего медицинского работника свой прививочный статус и защитите себя от опасного неизлечимого заболевания.

**С.Белякова,**
**вед. специалист УГСЭН**
**по Нуринскому району**

## 20-летию Независимости Республики Казахстан

**Учитель, дни жизни своей, как один,**
**Ты школьной семье посвящаешь,**
**Ты всех, кто учиться к тебе приходил,**
**Своими детьми называешь.**

Каждый человек, живущий на планете, испытывает чувство гордости за свою Родину, свой народ, свою историю. И нам стоит помнить о прошлом, знать настоящее, чтобы построить счастливое будущее.

Жизнь проходит быстротечно, но в человеческой памяти скрыта огромная мощь, которая воскрешает образы и «тихо падает на землю Памяти - снег, и Память- дождь стучит в окошко: Педагогический коллектив школы №1, одной из старейших в районе, помнит коллег, отдавших сердце-силу, здоровье, знания детям. Это Рехтина Ефросинья Яковлевна, Решетникова Анисъя Герасимовна, Фоменко Прасковья Михайловна, Анисимова Надежда Афанасьевна, Каирбеков Зекен Рахимжанович, Рябикова Анна Александровна, Оноприенко Мария Ивановна, Фомичева Евдокия Гавриловна, Шкаренко Семен Петрович, Шкаренко Ольга Семеновна, Швецова Тамара Васильевна, Вишницкая Валентина Александровна. Память всегда жива!

«Золотым фондом» школы являются ветераны труда, передающие в настоящее время нам, молодым педагогам, свой богатый опыт и душевное тепло: это Швецов Василий Васильевич, Ревина Людмила Афанасьевна, Алексеева Клавдия Ивановна, Алексеев Эдуард Игоревич, Акбергенова Бахытгуль Бектуровна, Мохначева Нина Александровна, Айтжанов Мейрхан Айтжанович, Якуценя Петр Петрович, Якуценя Зинаида Петровна, Интыкаев Кобек Ахметжанович, Турханов Жолтай Турханович, Швецова Валентина Ивановна, Билинец Татьяна Сергеевна, Полищук Надежда Львовна. Наши ветераны труда заслуживают долгую счастливую жизнь!

КСШ №1 являлась стартовой площадкой для дальнейшей руководящей должности ветерану труда Есмагамбетовой Адише Конекбаевне, работавшей 12 лет директором нашей школы и многие годы заместителем Акима Нуринского района; Жахину Калкену Елеукеновичу - главному эксперту управления Департамента среднего образования при Министерстве образования и науки Республики Казахстан.

Славу школе и учителям приносят ученики. Мы гордимся своими выпускниками, которые неустанным трудом прославляют государство, район, школу. Это Абдыкаримов Оралбай Абдыкаримович - казахстанский государственный деятель, депутат Сената Парламента, председатель антикоррупционного комитета при партии «Нур-Отан», Абильдинов Думан Ахатович - избирался депутатом Сената Парламента, первым секретарем Нуринского РККП Казахстана, многие годы руководивший крупным хозяйством.

Отрадно отметить, что с 1 по 10 классы обучалась в КСШ №1 Каирбекова Салидат Зекеновна - Министр здравоохранения Республики Казахстан.

Каждое время рождает своих героев. «Навсегда останется молодым» и будет жить в коротком слове - Память выпускник нашей школы, участник Афганской войны, кавалер ордена «Красной звезды», награжденный медалью «За боевые заслуги». Николай Плешаков. Ежегодно проводится в школе Торжественная линейка. посвященная Памяти героя.

В тяжелые послевоенные годы окончил школу на первую золотую медаль ДаутовАхметжан Хамзинович, в дальнейшим честный и ответственный руководитель.

В годы Независимости Казахстана первую высшую награду «Алтын белгі» завоевала Жусупова Асель - выпускница 2005 года, окончившая с отличием ВУЗ и воспитывающая в настоящее время сына.

Педагогический коллектив продолжает традиции старшего поколения, создает все условия, чтобы ученики были образованными, инициативными, ответственными и творческими. По итогам ЕНТ учащиеся в этом году добились наивысших показателей: 4 выпускника награждены знаком «Алтын белгі»: Кульмаганбетова Даина, Гордиенко Анастасия, Завгородняя Елена, Швецова Анна.

11 выпускников - обладатели грантов на бесплатное обучение в разных вузах нашей страны. За наивысшие показатели в ЕНТ педколлективу вручен Сертификат Акима района Серика Жаманкуловича Шайдарова.

Максимальной эффективности и ответственности в работе добиваются учителя с многолетним трудовым стажом: Акимбекова Бахыт Даулетбековна, Жикина Татьяна Владимировна, Репп Наталья Геннадьевна, Шестюк Галина Анатольевна, награжденная Сертификатом «Педагогикалық шабыт» Акима области, грантом Акима района.

Прочные знания дают ученикам учителя-предметники: Акмагамбетова Галия Биржановна, Еримова Макен Канышевна, Шветкая Елена Ивановна, Мусихина Татьяна Ивановна.

Умело руководит учебно-воспитательным процессом выпускник нашей школы Хамзин Кайрат Елеукенович. Аккуратный, корректный, отлично справляется с тяжелой, кропотливой работой.

Большую помощь школе оказывает своим честным, многолетним трудом заместитель директора по хозяйственной части Ахметова Карлыгаш Ергалиевна.

Четвертый год руководит нашим коллективом Елешев Кайрбек Хайруллинович. Мы уважаем и доверяем ему, ценим за мудрость и строгость, за порядочность и ответственность, за сердечность и заботу.

Нельзя забывать, что «Учитель создает нацию». Это старое изречение справедливо в наши дни как никогда.

Когда стираются границы между добром и злом, между нравственным и безнравственным, мы, учителя, осознаем свою ответственность перед подрастающим поколением и не можем оставить его без поддержки в трудный период самоопределения. Наши ученики - наша гордость, наши надежды, наше будущее!

**Ш.Б.Сыздыкова,**
**заместитель директора**
**по воспитательной работе КСШ № 1**

Налоговое управление информирует

# УПЛАТА НАЛОГОВ НА НЕДВИЖИМОЕ ИМУЩЕСТВО ФИЗИЧЕСКИХ ЛИЦ

1 октября согласно пункту 7 статьи 409 Налогового кодекса истекает срок уплаты налогов на имущество и земельного налога для физических лиц. Во избежание штрафных санкций просим Вас уплатить налоги до указанного срока.

В соответствии со статьей 405 Налогового кодекса объектом обложения налогом на имущество физических лиц являются находящиеся на территории РК жилые помещения, дачные постройки, гаражи и иные строения, сооружения, помещения, принадлежащие им на праве собственности, и объекты незавершенного строительства с момента проживания, эксплуатации.

Освобождаются от уплаты налога на имущество физических лиц военнослужащие срочной службы на момент прохождения срочной службы, герои Советского Союза, герои Социалистического труда, лица, удостоенные званий «Халық кахарманы» «Қазақстанның Еңбек Ері», награжденные орденом Славы трех степеней и орденом «Отан», многодетные матери, удостоенные звания «Мать-героиня», награжденные подвеской «Алтын алқа», отдельно проживающие пенсионеры-в пределах 1000-кратного размера месячного расчетного показателя;

Участники Великой Отечественной войны и приравненные к ним лица, инвалиды 1 и 11 групп в пределах 1500-кратного размера месячного расчетного показателя; лица, награжденные орденами и медалями бывшего союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны, а также лица, проработавшие (прослужившие) не менее шести месяцев с 22 июня 1941 года по 9 мая 1945 года и не награжденные орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны,- в пределах 1500-кратного размера месячного расчетного показателя.

По земельному налогу объектом налогообложения является земельный участок, принадлежащий налогоплательщикам на праве собственности, прошедшие государственную регистрацию имеющие индентификационные документы (акты на право частной собственности на земельный участок, акты на право постоянного землепользования и акты на право временного (возмездного,безвозмездного) землепользования). В случае отсутствия индентификационных документов на земельный участок основанием для признания пользователя плательщиком земельного налога в отношении земельного участка является фактическое владение и пользование таким участком на основании правоустанавливающих документов (правовые акты исполнительных органов о предоставлении права на земельный участок, договоры отчуждения и решения судебных органов о признании права частной собственности на земельный участок).

Освобождаются от уплаты земельного налога по отдельным земельным участкам участники Великой Отечественной войны и приравненные к ним лица, награжденные орденами и медалями бывшего союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны, лица проработавшие (прослужившие) не менее шести месяцев с 22 июня 1941 года по 9 мая 1945 года и не награжденные орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны, инвалиды, один из родителей инвалида с детства, многодетные матери, удостоенные звания «Мать-героиня», награжденные подвеской «Алтын алқа» и отдельно проживающие пенсионеры.

Уведомления по уплате налога на имущество и земельного налога с физических лиц сформированы Налоговым Упралением по Нуринскому району по состоянию на 01 января 2011 года на основании сведений, предоставленных Управлением юстиции Нуринского района.

По всем возникающим вопросам просим обращаться в Налоговое Управление по Нуринскому району п. Киевка ул. Абая 50 кабинет № 103 или по телефону 22.5.94.

**НУ по Нуринскому району**

# БАЛА БОЛАШАҒЫ – МЕНІҢ ҚОЛЫМДА

Ұстаздық жолымның бастау алғанына төрт жылдай уақыт болса да мектеп өмірі мен үшін оттай ыстық, көңіліме жақын. Бала күнімнен санама сіңген қоңырау үні 45 минуттық білім сағатына шақырып тұратын. Қазір де солай. Бірақ айырмашылығы қиын да абыройлы ұстаз жолында жүруім.

Сол Ұстаз атына саймын ба? Жаңарған, жасарған қоғамда ұстаз міндетін қалай атқарып жүрмін?

Ұстаз болу – жүрек жылылығын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз білімді, еңбеккор, бала жанын түсіне алатын болса ғана ұстаздық кәсіптің шыңына жете алады деп ойлаймын. Олай болса, ең алдымен өзімді өзім танып, үздіксіз ізденіп, аяусыз еңбектенуім керек. Бойымдағы бар білімді, асыл қасиеттерімді шәкірттеріме арнай білсем, олардың жүрегіне жол тауып, сан алуан мінезі бар өзге ұлт өкілдерін қазақ тілінде сөйлетіп, жаза білетін дәрежеге жеткізсем, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып білуге талпындырсам, тілін құрметтеуге әрі Отанды. адамзатты сүюге тәрбиелесем менің мақсатымның орындалғаны, еңбегімнің ақталғаны деп білемін.

Адам баласы алған тәрбиесін өз мақсатына жету үшін білім кілті арқылы ашып, пайдаланады. Неғұрлым білімді болған сайын, ілгерлеу соғұрлым жылдамдайды. Ендеше тәрбие бар жерде мақсат бар, мақсат бар жерде білім басты қажеттілік болмақ. Жасөспірім алдына үлкен мақсат қоя білсе ғана биікке ұмтылады. Жас ұрпақты өмірге дайындап, олардың «Сегіз қырлы, бір сырлы» талантты, білімді азамат болуы үшін тәрбиенің барлық түрін ұштастыра жүргізуім қажет.

Еліміз егемендік алып, өз алдына тәуелсіз мемлекет болды. Тәуелсіз еліміздің болашағы кімдер? Олар – бүгінгі менің алдымда отырған шәкірттерім.

Тәуелсіз еліміздің берік тірегі – білімді ұрпақ. Ендеше жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келелі мәселе – оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, саналы, рухани бай, салауатты, жан-жақты дамыған жеке тұлға даярлау – бүгінгі ұстаздар қауымының басты парызы екені баршаға аян. Ертеңгі болашағымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алуы – қазіргі қоғамдағы ұстаздарға байланысты. Оның ішінде маған да байланысты.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қазіргі мұғалімнің қоғамдағы орнын бағалай отырып: «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпы азаматтық қадір-қасиеттердің мән-маңызын түсінетін, жаны да, тәні де таза, білімді патриот азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз» деген еді.

Ұстаздық қызметті ерекше ұлықтаған халқымыз өзінің ең қымбаттысын – балаларын оқытып, тәрбиелеуді бізге – мұғалімдерге тапсырған. Сондықтан кездесетін қиындықтарға қарамастан білім сапасын арттыру, баланы тәрбиелеу – мұғалімдер қауымының міндеті.

«Адамның адамшылығы ... жақсы ұстаздан» деп Абай атам айтқандай, мен қандай болсам, алдымдағы шәкірттерім де сондай боп шығарын түсінем. Шынында да, бала болашағы – менің қолымда. Қызығы да, қиындығы да мол ұстаздық жолдан мүдірмей өтсем, менің де биік шыңға шыққаным.

Абай атамның «Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға» деген
қасиетті қағидасы менің әрдайым жүрегімнің түкпірінде ұстайтын ұстанымым.

**Пішембаева Замира Өменқызы**
**Қарой орта мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі**

# ШӨП ДАЙЫНДАҒАНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ ШАРАЛАРЫ

Маусым айының басынан-ақ ауданың шағын және ірі шаруашылықтарында қысқа шөп дайындау науқаны жүре бастайды. Бұл уақыт жаздың ен ыстық кезені, анда-санда сіркіреп жаңбыр жауғаны болмаса, айнала түгелдей құрғап, тұратының әркім біледі. Сондықтан темекі қалдығын сөндірмей жерге тастау немесе сәл ғана от ұшқыны үлкен өрт қауыпін туғызады, өрті осы мезгілде толмас өкінішке әкеп соқтыратыны-шындық.

Өрт қаупін тудырмау, әр шаруашылықтың басшыларына жүктеледі

Сол себепті сондықтан, жауапты адамдарды шөп дайындауда мына жайттарды қатан түрде ескерткім келеді:

-Әр шаруашылық басшысы өрт қауіпсіздігін сақтауға және де шаруашылықта қолданатын техникалардың ұшқынсондіргіштермен жабдықталганын, ақаусыздығына жауап беретін адамды тағайындауы керек. Сонымен бірге жауапты дам механизаторлердің ерт қауіпсіздік ережелерін сақтауын және ол өрт сөндіргіш құралдардың дұрыстығын қадағалайды. Осы айтылғандар шөп шабуға қатысатын барлық жеке тұлғаларға қатысты.

-Шөп шабуға шығар алдында техникаларды өрт сөндіргіштермен және басқа да ерт сондіретін құралдармен (от басқыш (хлопушкалар) су, күрек сыпырғыш т.б.) толық жабдықтап алуы тиіс.

-Өртке қарсы техникалар (өрт сөндіру машиналары, мтопомпалар)
дайын тұрып, тәулік кезекшілікті ұйымдастыру қажет. Сокасы бар трактор дайын тұру керек.

Ауыл шаруашылық техникасымен шөп дайындау мен маялауда:

1. Ауыл шаруашылық техникасының колекторына шөп, қоқыс түсірмеу керек, ол үшін оларды қалқанмен және кожухпен жабдықтау қажет.
2. Шөп артқыш двигателдерін күн сайын май мен шөптен тазартып отыру қажет.
3. Ауыл шаруашылық техникасының электр еткізгіштермен двигательдін майлану күйіне карау қажет.

Шөп сақтауда:

1.Шөп сақтайтын жер көл,су еністеріне жақын, автожолдан 100 м. және электртасмалдау жүйесінен 30 м. шөп қалдығы мен шөптесіндерден тазартылған орындарда қашықтықта орналасу керек.
2. Маялау орнын маяның негізінен 15 м. аралықтан бастап ені 6 метрден кем емес қылып жерді жырту қажет. Әр маяның негізінен 10 метр аралықтағы жерді ені 6 метрден кем емес қылып жерді жырту керек.
3. Әр маяға 250 тоннадан аспайтын шөп маялауға болады және әр маяның арасы 50 метрден кем болмау керек.
4. Әр мая 2і өрт сөндіргішпен, сумен және басқада өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы қажет.
5. мая аймағында өрт кезінде дауыс беретін аппаратармен жабдықталуы қажет.

**С.С.Ақышев,**
**Нұра ауданы бойынша ТЖБ**
**аға инженері**

# ИНФОРМИРУЕТ 101

Сейчас наступил период, когда все жители района, для того чтобы привести в опрятный вид свои дворы приступают к очистке территории дворов от разного мусора, травы, сорняков и остатков сена на подворье. Много пожаров возникает из-за того, что домовладельцы в период уборки территорий сжигают мусор, сухую траву и т.д. и оставляют их без присмотра в то время, когда искры от разведенных костров разлетаются в разные стороны, тем самым, создавая угрозу возникновения пожара не только на своем подворье, но и в соседних.

Отдел по Чрезвычайным Ситуациям (ОЧС) Нуринского района еще раз напоминает жителям Нуринского района:

- территории населённых пунктов и предприятий, в пределах противопожарных разрывов между зданиями, сооружениями, а также участки, прилегающие к домам и иным постройкам, должны своевременно очищаться от горючих отходов, мусора, опавших листьев, сухой травы и др.
- Категорически запрещается сжигать мусор в населённых пунктах.
-Мусор с подворья необходимо вывозить только на свалку.

ОЧС Нуринского района предупреждает граждан и организации независимо от форм собственности, что согласно ст. 249 КоАП РК «несоблюдение требований по охране атмосферного воздуха и пожарной безопасности при складировании и сжигании промышленных и бытовых отходов» сжигания мусора, бытовых и производственных отходов является административным правонарушением. С целью выявления нарушений при складировании и сжигании мусора ОЧС Нуринского района будут проводиться рейды.

О сжигании мусора, навоза, детской шалости с огнём просим сообщать по телефонам 101, 2-11-56. Анонимность гарантируется.

Граждане, будьте осторожны с огнём, соблюдайте все меры противопожарной безопасности! Тем самым Вы сохраните свою собственность от уничтожения огнем.

**Б.Исабеков,**
**гл. специалист отдела по ЧС**
**Нуринского района капитан ппс**

Имандылық

# ИСЛАМДА КӨРШІ АҚЫСЫ

Көрші - қонысы ортақ, етене араласып, күнделікті жүзбежүз кездесіп, амансаулық сұрасып жүретін кісілеріміз. Қазақ халқы «Көршіні Құдай қосады» дейді. Жаңа орынға көшіп келісімен ерулік беріп, қоныс тойын жасау дәстүрінде де ең әуелгі ниет көрші қолаңдармен танысу болған. «Адам күні – адаммен» демекші, күнделікті өмірде әркімақ көршіні қажетсінеді. Өйткені, бір іс туып қинала қалғанда да, бір нәрсе қажет болғанда да, ең алдымен, көршілерден көмек сұрап жатамыз. Көршімен сыйластық - елдің сыйластығын, көршімен татулық Н қоғамның татулығын ұқтыратындықтан, Ислам діні кершімен жарасымды сыйластықта болуға шақырады.

Бұл туралы қасиетті Құранда:

«Аллаға құлшылық қылыңдар. Оған ешкімді серік қоспаңдар. Әкешешеге, туыстарға, жетімдерге, кедейкепшіктерге, жақын көршіге, алыс көршіге, жаныңдағы жолдасыңа, қаражаты таусылған жолаушыларға, қолдарыңа қарағандарға (қызметшілерге) жақсылық жасаңдар. Алла дандайсыған тәкаппарларды жақсы кермейді» делінген.

Байқасаңыздар, аятта Аллаға құлшылық, атаана мен туыстарға жақсылық жасау секілді әр мұсылманға тиесілі жоғарғы міндеттердің қатарында көршілік қатынастардың да аталуы тегін емес. Бұл керші ақысына көңіл бөлудің дінімізде үлкен рөл атқаратынын ұқтыруда.

Шындап келгенде, өмірде жақсы көрші бола білудің өзі үлкен сын. Өйткені, ол иманның беріктігі мен ізгі мұсылманшылықты білдіреді. Бұл турасында жеткен хадистер кеп. Солардың бірінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

«Көрші туралы Жәбірейіл періштенің кеңесті үйіп-төккені сонша – мен еріксіз көршіні көршіге мұрагер етпес пе екен деген ойға қалдым» ; «Көршілеріңмен көршілігіңді жақсарт, шынайы мұсылман боласың» , «Екі кершің бір уақытқа шақырған болса,
алдымен ең жақынына бар. Ал бір уақытқа басқа кездерде шақырылсаң, онда алдымен шақырған көршіңе бар» деген. Демек, жақсы көрші бола білу – жақсы мұсылман бола
білуді де аңғартпақ. Жақсы көрші бола білудің жарқын мысалын имам ағзам Әбу Ханифаның өмірінде кездескен мына бір мысалдан айқын аңғара түсеміз.

Имам ағзам Әбу Ханифаның маскүнем бір көршісі бар еді. Күнде дабырлап сөйлеп, жанұясында жанжал шығарып имамның мазасын алатын. Сол жігіт бірде абақтыға қамалады. Имам мәнжайды білгенде, қаланың әкіміне жолығып, көршісін босатыпты. Екеуі бірге қайтып келе жатқанда, қылығына ұялған жігіт «Өзіңізге жамандығы болмаса, жақсылығы жоқ адамды неге босатып әуреленділіз?» деп сұрапты. Сонда үлкен парасат егесі имам: «Жігітім, сен қандай адам болсаң да, менің көршімсің. Көршіге жақсылық жасау - мұсылмандардың міндеті. Мен өз міндетімді ғана орындадым. Қайта кешірек естіп, кештеу қамдандым ба деп өкініп келемін» деп жауап беріпті.

Кейіннен әлгі жігіт тәубаға келіп, имамның шәкірті болған деседі...

Жалпы, жақсылығы тимесе, мұсылман адамның өмірде ешкімге жамандығы болмауы тиіс. Өйткені, ол қылдай қиянаттың ақыретте таудай сұрағы барын жақсы біледі. Осы себепті көршісімен арадағы сыйластығына қатты мән береді. Кершісін ренжітпеуге, көңіліне келетін ісәрекеттер жасамауға, оған қандайда бір залалын тигізбеуге тырысады.

Әбу Хұрайра риуаят еткен бір хадисте Пайғамбарымыз:

«Уаллаһи, мүмин емес, уаллаһи, мүмин емес, уаллаһи мүмин емес» деп кейіді. Кімді айтқанын сұрағанда, «Көршісіне залал тигізетін адам» деген.

Хадистегі «мүмин емес» деген сөз кәміл мүмин емес деген мағынаны білдіреді.

Мүслім жеткізген басқа бір хадисте
«Көршісіне зияны тиетін адам жұмаққа кіре алмайды» делінген. Хадистегі «Жұмаққа кіре алмайды» деген сөзді «Қияметте алғашқылардың қатарында жұмаққа кіре алмайды» деп түсінген жөн.

Тағы бір хадисте «Аллаға, қиямет күніне сендім деген адам көршісін сыйласын» , – делінген.

Хадистерде айтылған жақсы көршіге қандай адам жатады деген сұрақ туындауы мүмкін. Оның жауабы көршілердің бірбіріне деген көршілік ақысында. Жақсы көрші осы құқықтарға кеңіл бөлген адам деуге болады:

Бұл тұрғыда Пайғамбарымыз:

«Алла есебінде достардың ең жақсысы досына ең қайырлы, пайдалы болғаны. Алла есебінде көршілердің ең жақсысы көршілеріне ең қайырлы болғаны» деген.

Халқымыз «Керші ақысы- тәңірі ақысы» деп, оған аса мұқият қарауға тырысқан. Ірі мұсылман ғалымы Имам Ғазали бұл жайлы былай деген:

«Көрші ақысы көршіге жамандық жасамаумен ғана шектелмейді. Бұған қоса, көршіге әрдайым жақсылық жасау да осының ая сына кіреді. Мұсылмандықта көршіге сы пайы мінез таныту, көршімен кездескенде онымен амандасу, ауырғанда қалын сұрау, қайғысын белісу, қуанышына ортақтасу, жолаушылап кеткенде үй-ішіне бас-көз болу, балаларына жақсы қарау, айыбын әшкерелемеу, дінге не күнделікті тіршілікке қатысты ақыл сұраған істерде дұрыс жөн сілтеу т.б. – бәрі де көрші ақысына жатады» .

Бұл көрші ақысының қаншалықты маңыздылығын керсетеді.

Демек, өзіңе тілеген жақсылықты көршіге де тілей білудің, көршінің де игілігіне тілектес болудың мәні зор

Қорыта келгенде, қоғамның бейбіт өмірін жақтайтын Ислам діні жоғарыдағы аят-хадистер негізінде мұсылмандарды көршімен тату-тәтті тұруға шақырған. Алланың әмірін, Пайғамбарымыздың есиеттерін бәрінен жоғары қоя білетін мұсылман үшін ата-ананың, сүйікті жарының ақылары секілді көрші ақысына да көңіл бөлу айтарлықтай мәнге ие. Әркім көршісімен де сынға алынатынын ұмытпағаны дұрыс.

**Құмар Коныскерей**
**Нұра ауданының имамы**

## Алғыс айтамыз!

Мүтәш Сүлейменовтың 90 жылдық торқалы тойына демеушілікке үлестерін қосқан Кертінді,Алғабас ауылының шаруа қожалықтарына, жеке тұлғаларға, кәсіпкерлерге **зор алғысымызды білдіреміз! Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейміз!**

Базылов Балғабай, Аубакиров Бекболат, Мұхтар Өндір,Сыздықов Дүйсенбі,Құтжанов Даурен, Нариманов Рахымтай,Копин Аманберлин,Хамзин Ерлан,Күлпейісов Сәбит, Жұмадилдин Ақниет,Мадин Оралбай,Ескендіров Тасболат,Досполов Қазбек, Мырзахметов Армия,Қисықов Әміржан,Сүлейменов Жақсылық,Несіпов Серғазы, Байсейітов Марат, Халықов Ардақ,Пішенбаев Әділғазы,Базылов Шотбай,Рахымбеков Жомарт,Сатанов Наған,Жұртболов Думан,Бижкенов Нұрболат,Байсейітов Еділ, Мустафин Толеутай, Мадина Шолпан, Мадина Гүлзина, Қуанышов Серік,Манапов Сыздық, Қыстаубаева Нәсіп, Төлемісов Сағыдат, ЖШС «Сары-Арқа»,Әлиасқаров Марат, Сатанова Алтынай, Сапарова Сақып,Әлімбекова Меруерт,Хасенов Ғалым, Гартман Светлана,Қамысбекова Жұмабике Сейітқалиева Нұрлыгүл,Ескендіров Қанат, Күлпейісов Сәбит,Оразбаев Аймұрат,Будюкина Татьяна, Бопылов Жұмат,Насыров Жанбырбай,Телеубаев Мажит, Мадин Мырзатай, Жорабаев Қайдар,Біркенов Алексей Нұрғалиев Жареке,Тәжібав Базарбай,Мұхамеджанов Әлімжан,Ескендіров Тасболат, Шалабаева Нурила, Мұстафин Телеген,Бекеева Шарбан,Телемісова Ұлболсын, Қамалова Күлсім, Сатанова Нағила, Әубәкіров Абзалбек, Алина Рая, Қонысова Манкі, Досболова Күлән, Ысқақов Ахметбек, Мұқышов Темірбек,Удодов Александр, Құтжанова Орынбасар, Жармағамбет Бейбіт, Құлмағамбетова Қанат, Пішенбаев Қордабай, Дүйсенова Телеубай, Оспанов Балға, Қырықбаев Сұлтан, Жақсыбекова Демежан, Ықласов Оспан, Төбетов Серік, Досжанов Қорабай, Есжанов Жайық,Әбдікшов Ералы,Мұқанов Төлеубай,Ыбраев Амангелді, Байсейітов Әшім,Сатанов Төлеубай, Ілиясов Дауыл.

Мүтәш Сүлейменовтың 90 жылдық торқалы тойына демеушілікке үлестерін қосқан жанжақтағы жерлестеріміз
Досболов Құсбек, Досболова Ғалина, Искаков Мейрам, Сүлейменова Ербол, Құдайбергенов Берік, Әлімбаевтар отбасы,Рахымбеков Талғат

Мүтәш Сүлейменовтың 90 жылдық торқалы тойына демеушілікке үлестерін қосқан көрші ауылдардың кәсіпкерлері
Сүлейменов Нұрлан, Қоғабаев Төлен, Намысов Думан,Бондаренк Владимир.

Сіздердің қолдау керсетіп, қол ұшын бергендіктеріңіздің арқасында мерейтой ез деңгейінде өтті. Сіздерге алғысымызды айта отыррып дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңіздің жемісін кере беріңіздер демекпіз.

**Мүтәш Сүлейменовтың 90 жылдық торқалы тойын өткізу жөніндегі**
**ұйымдастыру комитеті.**

## ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

*Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Неше ғасыр, неше жыл өтседе,*
*Бұл аса қадірлі мереке.*
*Білім дәріс беру оңай емес,*
*Көпшіліктің қолынан ол келмес.*
*Ұстаздық еткен жалықпас*

*Тілейік бұл қауымға сәттілік,*
*Шығармашылық қалыптассын мәңгілік*
*Болсын нұрға толы күндері,*
*Шыңдай берсін еңбегі ілгері.*

***Г.Б.Қадырова,***
***Нұра ауданының білім беру және спорт бөлімі бастығы.***
***Т.Ақыжанов,***
***Нұра ауданының кәсіподақ комитетінің төрағасы.***

## ЕСКЕ АЛУ

43 жасқа енді толар кезінде Кертінді ауылының тұрғыны, жалынды жас жігіт Ібікенұлы Айдос өмірден озды. Бұл жалған дүние кімге опа болған, артына жалғыз ұлың, аңыратып анасын тастап кете барды. Егерде тірі болғанда 10 қазан күні туған күні болар еді. Енді тағдыр тәлкегінен сол күні марқұмның қайтқанына 40 күн болмақ.



Жас кеттің бұл өмірді қызықтамай,
Артыңда ұлың қалды ерім-талдай.
Достарға ез ортаңа сыйлы едің
Жете алмай кете бардың арманыңа-ай.

Сағына еске аламыз нұр бейнеңді,
Сен жоқсың жалғыз ұлды кім демейді.
Тағдырдың қатал сыны қиын екен,
Қалайша тарқатамыз қайғы-шерді.

Айдостың достары марқұмға арнап басына ескерткіш тақтасын қойып, туғандарымен біріге бейітін кетерді. Бәріне де Айдостың анасының атынан мың алғыс демекпіз. Марқұмның 40-күндігі қазан айының 8 күні Кертінді ауылында болады.

**Сағына еске алушылар: анасы, баласы, туған бауырлары.** №428.

## Зуд в глазах? Исключите демодекоз!

[В] последнее время участились случаи об[ращ]ения людей с жалобами на зуд и воспа[ле]ние в глазах. К сожалению, в большинстве случаев диагностируется демодекоз.

Демодекоз — ресничный клещ, в просторечии — демодекс) — болезнь из группы акариазов, вызываемая паразитированием условно патогенного клеща — железницы угревой (Demodex folliculorum и Demodex brevis). Клещ размерами 0,2-0,5 мм обитает в глубине сальных и мейбомиевых желез, в волосяных фолликулах человека и млекопитающих.

Он входит в состав естественной флоры и обычно не доставляет человеку никаких хлопот. Клещ тихо и мирно паразитирует на поверхности кожи, питаясь отшелушенными клетками, межтканевой жидкостью, лимфой, эпителием волосяных фолликул и сальных желез.

Излюбленная локализация клеща — веки, кожа лица, область надбровных дуг, лоб, носогубные складки и подбородок, наружный слуховой проход. Реже — грудь и очень редко — спина. Продукты жизнедеятельности клеща способствуют аллергизации организма, развитию розовых угрей на лице, себореи; вызывают специфическое поражение глаз — демодекозный блефарит и блефароконъюнктивит. Заболевание носит [хр]онический характер с сезонными обострениями весной и осенью. Часто следствием демодекоза бывает воспалительное кожное заболевание ринофима.

Клиническая картина демодекоза преимущественно регистрируется у лиц с ослабленной иммунной системой, аметропиями и нарушениями обмена веществ, часто — в пожилом возрасте. Часто встречается у людей с заболеванием на трихомоноз. Встречается у детей с хроническими заболеваниями желудочно-кишечного тракта и легких, некорригированной рефракционной патологией (дальнозоркость).

Усталость глаз, зуд, отек, гиперемия краев век. появление чешуек у корней ресниц в течение длительного времени и высокая степень инвазивности (заразности окружающих) позволяют обнаружить демодекоз уже при визуальном осмотре. Характерен вид пораженного века: налет по краю век, реснички слипшиеся, окружены корочками в виде муфты. В анамнезе: частые ячмени, выпадение ресниц, рецидивирующая угревая сыпь, псориаз. Лабораторное исследование крайне простое, не требует специальной подготовки и возможно в присутствии больного прямо в кабинете. С каждого глаза берется по 8 ресниц: четыре с верхнего века, четыре с нижнего. Они помещаются на предметное стекло в каплю щелочного раствора или смеси из 1 мл глицерина и 9 мл физраствора; накрываются покровным стеклом и рассматриваются под микроскопом. Подобное исследование дает возможность быстрой диагностики.

Часто болезнь может характеризоваться протекать по типу бессимптомного носительства, стертых форм, демодекозного блефароконъюнктивита (неосложненный, осложненный), эписклерита, кератита, иридоциклита. Глазной демодекоз может протекать как изолировано, так и в сочетании с демодекозом кожи лица и других участков тела. Постепенно происходит аллергизация организма к продуктам жизнедеятельности и распада клещей.

Действие паразита на конъюнктиву, роговицу и другие оболочки глаза токсико-аллергическое. Может быть скудное слизистое отделяемое из конъюнктивальной полости, лёгкая гиперемия и шероховатость конъюнктивы век, разрыхленность нижних переходных складок, слабая фолликулярная или папиллярная гипертрофия, инфаркты и конкременты мейбомиевых желез. Редко наблюдается демодекозный эписклерит. В результате нарушения секреторной функции мейбомиевых желёз уменьшается липидный слой прекорнеальной слёзной пленки, усиливается её испаряемость, что ведёт к развитию синдрома сухого глаза, при котором преобладают трофические нарушения в поверхностных слоях роговицы, происходит снижение её чувствительности. Иногда одновременно вовлекается в процесс сосудистая оболочка. Демодекоз отягощает течение кератита любой этиологии.

Лечение демодекоза тем эффективнее, чем раньше заболевание будет диагностировано. Естественно, в запущенной стадии демодекоз лечится куда хуже и дольше, чем едва начавшийся. Сегодня анализ на демодекоз можно свободно сдать практически во всех клиниках, в чьей специализации указана дерматология. Для максимальной точности результата, нужно соблюсти несложные правила: два три дня умывайтесь без мыла и агрессивных моющих средств, не пользуйтесь косметическими средствами (это относится не только к декоративной, но и к уходовой косметике). Процедура взятия анализа максимально проста: врач берет соскоб с лица пациента и выдернет несколько волосков из бровей или ресниц. Определение результата занимает всего около 20 минут. Одной из проблем в лечении демодекоза является погрешности при его диагностике: если количество размножающегося клеща еще не критично, тесты могут его «пропустить». При наличии непроходящих симптомов делают повторный соскоб, либо после первого неподтвержденного врач назначает так называемое «пробное лечение»- это позволяет избежать запускания болезни.

На сегодняшний день, демодекоз у человека лечение предполагает с применением антипаразитарных и антиаллергических средств. Это разного рода рецептурные болтушки, мази и прочие наружные средства, которые улучшают иммунные реакции пациента и всячески способствуют ускоренной регенерации поврежденных тканей кожи. Первый эффект от назначенных препаратов появляется уже спустя несколько месяцев: сойдут неэстетичные отеки, исчезнут покраснения, пораженные участки кожи начнут ошелушиваться. В среднем, демодекоз у человека лечится около года.

**А.Бапанова,**
**врач-окулист**

**Тойхана «АТАМЕКЕН»** (район автостанции пос.Киевка) **сдает недорого банкетный зал для проведения мероприятий до 80 человек** (қыз ұзату, сүндет той, мерей той, тілашар, ас беру и др.). **Требуется кухонный работник**
**Сдаются в долгосрочную аренду** шиномонтажный контейнер с оборудованием, а также контейнеры для торговли в районе автостанции. Обращаться по телефону: 22455, 87015206754. № 373

## Құттықтаймыз!



Майоровка ауылының тұрғындары, ардақты ата-анамыз Нұратай-Гүлжанат Мұстафиндерді шаңырақ көтеріп, отбасын құрғандарына ширек ғасыр толған күміс тойларымен шын жүректен құттықтаймыз. Зор денсаулық, баянды бақыт, мәнді де мағыналы ұзақ ғұмыр тілейміз.

Күміс тойда айтылар тілек талай,
Қуанышқа толғанбас жүрек қалай?
Ынтымақпен, бірлікпен орта толсын,
Қонған бақыт әулетке тұрақтағай.

Дейміз дәйім бұл бақыт ортаймасын,
Жүздеріңнен әрқашан нұр таймасын.
Керегені кернесін шаттық сыймай,
Шаңырақта тек қана той тойлансын!

**Ізгі ниетпен тілек білдірушілер балалары:**
**Жангелді – Гүлден, Нұргелді, Гүлзия.** №420



Астана қаласының тұрғыны Шурин Зейнолла Аймағанбетұлын 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Қыздан туғанның қиығы жоқ дегендей,
Жиен бізге тірек болған нағашым.
Жоғымызды бар қылып, баршамызға,
Қуана білген асыл менің нағашым.

Міне бүгін 50 жасқа толыпсыз,
Астананың төрінде, екі шахар үйінде,
Ұлан асыр той жасап, жүрекке жақын жандарды.
Жиып алып отырсыз.
Түсінген жанға бұдан артық бақ бар ма,
Біріншіден менің сізге тілерім,
Қарлығаш тәтемен
Бірге жүзіп өмір атты теңізді
Алла берсін денсаулықты сіздерге.

**Игі тілекпен: Бейбіт – Ғазиза, Елдос** № 421

Киевка кентінің тұрғыны Қоғабаев Жарылғасын Ысқақұлын 55 жасқа толған мерей тойымен шын жүректен құттықтаймыз. Зор денсаулық, мол бақыт, еңбегіңізге табыс тілейміз.



Өмір жыры таусылмасын мәңгілік,
Тұрсын алдан арайланып таң күліп.
Бақыт болсын әрқашанда жолыгар,
Шаттығыңыз тау суындай молығар.

Тілейміз бақытта өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма одан асқан
Аман боп жануяң мен балаларың,
Жалғасын ақ таңдарын нұрын шашқан!

**Тілек білдірушілер: жұбайы-Зейнеп, балалары:**
**Әсем, Назира-Ерлан, Қанағат-Нияз,**
**жиендері: Жанерке, Бекет, Нұрым.** №423

**ТОО"Нұр Астық" поздравляет** педагогический коллектив Кировской сш с профессиональным праздником Днем учителя!
В канун профессионального праздника примите слова особой признательности за ваш вклад в развитие страны, за воспитание ее молодого поколения. Желаем вам крепкого здоровья, счастья, семейного благополучия.

**С уважением Атымтай Темирбаев,**
**депутат районного маслихата,**
**директор ТОО"Нұр Астық".**

**«ТОО «Микрокредитная организация «Азиатский Кредитный Фонд»**

АЗИЯЛЫҚ НЕСИЕ ҚОРЫ
АЗИАТСКИЙ КРЕДИТНЫЙ ФОНД

предлагает групповые и БЕЗЗАЛОГОВЫЕ КРЕДИТЫ на развитие торговли, сферы услуг, животноводства и личного хозяйства. Ставки снижены!!!
*Наш адрес: п. Киевка, ул. Колодия 31, (здание Казпочты). Тел/факс: 87214422487, офисный телефон: 87775511687.*

Кызыл – Жулдуз

## Мы рыбачим -ТЫ и Я!

Эти дни - самое то для рыбалки, солнечная погода, которая как нельзя лучше подходит для того, чтобы надолго обосноваться на бережку и закинуть удочки. Нынешняя пора, с точки зрения торжественных календарных дат приближения 20 летия Независимости Республики Казахстан, дня рыболовов самая знаменательная.

В связи с этим второй раз подряд Нуринский районный филиал НДП «Нур Отан» провел районные соревнования «Любитель- рыболов» в регионе. Во исполнение ежегодного послания Президента РК Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Построим будущее вместе», долгосрочный приоритет! Формирование здоровой нации, пропаганда и воспитание у подрастающего поколения умений и навыков правильного поведения при рыбной ловле и бережного отношения к природе. Завершение летнего спортивного сезона для Нуринцев –это озеро вблизи с.Кызыл- Жулдуз, где перед соревнованием к любителям рыбакам с поздравлением и приветственным словом обратился организатор мероприятия, первый заместитель председателя районного филиала партий Баянов Д. Который ознакомил участников соревнований общим положением и отметил что основными задачами является, пропаганда ведения здорового образа жизни, формирования сознательного и ответственного отношения к природе и охрана окружающей среды. Ровно в 9.00 часов просвистел свисток главного судьи, председателя районного филиала федерации рыболовного спорта Цубликс Ивана. Представитель Нуринского охотообщества Людмила Пронина напоминала рыбакам об ограниченном времени, а так же правила по технике безопасности. Пока любители рыболовы приступили к соревнованиям, судейская комиссия еще раз рассмотрела процесс определения победителей и награждение специальными призами, которые спонсировали предприниматели Малгаждаров Рустем , Греф Костя, Александр Покшев.

Впереди три часа рыбной ловли, кто добудет щуку, окутя, плотву или карася? И вот настало время окончания соревнований и победителем стал семидясипятилетний аксакал Узденбеков Камит, который поймал самую больщую щуку. Несколькими крупными охупями второе место завоевал Дымныч Иван Иванович.

Ну и конечно третье место у молодых рыбаков, это Гришунов Евгений, который вытащил единственного крупного карася. Среди специальных призов учрежденных судейской коллегией, самый опытный восмидесятелетний Мирожниченко Николай Андреевич.

Несмотря на болезнь хочется отметить самого юного рыбака Канаева Сергея пятиклассника, который получил специальный приз. Ну и конечно больше всех поймал Гагарин Бильгишбай, не было ему равных. После церемония награждения за рыболовным дастарханом , рыбаки делились о прелестях рыбалки и говорили о том, что Человек – дитя природы и что всех тянет к общению с ней и чтобы было цивилизовнным, а не варварски, нужно ценить и беречь природу, и для этого проводить такие мероприятия.

**Пронина Л.А.**
**Нуринское охотообщество ,член Общественного совета**